

МКҚК «Шұғыла» бөбекжай – бақшасының «Күншуақ» ерте жас тобының тәрбиешісі
Дуйсембина Г.М. 2025 – 2026 оқу жылының жұмыстарының жылдық есебі.

Қазіргі таңда 17 баламен жұмыс жасап жатырмын. Қазақстан Республикасы оқу - ағарту министрінің 2022 ж 14 қазанындағы № 422 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың осы үлгілік оқу бағдарламасы бойынша қыркүйек айынан бастап мамыр айына дейінгі мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде перспективалық жоспары құрылды. Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сүйене отырып жүзеге асырдым.

Балалардың жан-жақты дамуына бағытталған оқу-тәрбие жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізілді. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер мемлекеттік мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартына сәйкес өткізілді. Балалардың танымдық, тілдік, шығармашылық, дене және әлеуметтік дағдыларын дамытуға арналған түрлі әдіс-тәсілдер қолданылды.

Тәрбие жұмысы барысында мерекелік іс-шаралар, ойындар, шығармашылық жұмыстар, бақылаулар және дамытушы ойындар ұйымдастырылды. Әр баланың жас және жеке ерекшеліктері ескеріліп, қолайлы дамытушы орта қалыптастырылды.

Ата-аналармен тұрақты байланыс орнатылып, кеңестер мен жеке әңгімелесулер жүргізілді. Топтағы санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуына және балалардың қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлінді.

Қыркүйек айынан бастап облыстық «Жасыл балабақша» жобасы бойынша жұмыс басталып, біздің бөбекжай – бақшамыз Қобда ауданы бойынша тірек балабақша болып тағайындалды.

«Балабақша - жайлы мекен» балабақшада экскурсия өткізу.

«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» ұлттық ойындар.

«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акция.

«Әкем, анам және мен – спорт сүйер отбасы» эстафеталық сайыс. «Әкелер мектебі»,

«Аналар мектебі»

Қазан айында «Күз сыйы – туған елге!» көрмесі. «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі».

«Бірге бейімделеміз – бала, ата – ана, бөбекжай» ата – аналар жиналысы.

«Менің Қазақстаным!» ата – аналар арасындағы сурет көрмесі өткізілді.

Қараша айында «Жақсы іс – жүрекке жылу» мультфильм қарау.

«Адалдық алаңы» мультфильм қарау.

«Жақсы жаманды салыстыру» әңгімелесу жұмыстары жүргізілді.

Желтоқсан айында «Балапан және оның достары» мультфильм қарау.

«Бәріміз бірге шырша ойыншықтарын жасайық!» қалдық және табиғи материалдарды пайдаланып шырша ойыншықтарын жасау. «Аналар мектебі».

«Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы» Ата – аналар жиналысы өткізілді.

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ Куәлік Дуйсембина Г.М. «Оқу үрдісі және ЖИ: генеративті модельдер мен промт – инжиниринг өнері» бағдарламасы бойынша онлайн оқудан өттім.

Ақтөбе қаласы №49 «Думан» бөбекжай – балабақшасының тәрбиешісі С.Б.Узақбаеваның «Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту» тақырыбындағы облыстық шеберханасының мүшесі болып I отырысына қатыстым.

II отырысында «Балабақшада дәстүрлі ойындарды инновациялық тәсілдер арқылы дамыту» тақырыбында өз іс – тәжірибемен бөлістім.

Қаңтар айында «Қыста құстарды тамақтандырайық» (жемсауыт жасау) көрмесін өткізіп, белсенді әкелер Алғыс хаттарпен марапатталды. «Әкелер мектебі»

Ақпан айында «Жасыл балабақша – жарқын болашақ: Ерте жастан табиғатты сүйуге тәрбиелеу» атты облыстық семинарда өз іс – тәжірибемен бөлісіп, Алғыс хатпен марапатталдым.

Бөбекжайға аналарымыз шақыртумен келіп «Жаңа өмір сыйлайық!» Қалдық заттардан бұйымдар, дамытушы ойындарды жасап, көрме ұйымдастырылды. Белсенді қатысқан аналарымыз Алғыс хатпен марапатталды. «Аналар мектебі».

8 – наурыз аналар мерекесіне «Ардақты анашым» атты ертеңгілік өткізіп, аналарға шағын сыйлықтар табысталды.

Ақтөбе қаласы №49 «Думан» бөбекжай – балабақшасының тәрбиешісі С.Б.Узақбаеваның «Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту» тақырыбындағы облыстық шеберханасының III отырысына қатысып, біраз тәжірибе жинақтадым.

Ақтөбе қаласы №49 «Думан» бөбекжай – балабақшасының тәрбиешісі С.Б.Узақбаеваның «Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту» тақырыбындағы облыстық шеберханасының қорытынды IV отырысына қатысып, өз іс – тәжірибемен бөліскенім үшін Алғыс Хатпен марапатталдым.

Мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне арналған «Аттестатталушы педагогтің озық тәжірибесін жинақтау» тақырыбындағы облыстық әдістемелік практикумға қатысып, белсенділік танытып, іс – тәжірибесімен бөліскені үшін Алғыс хат алдым.

Қорытындылай келе, есептік кезеңде қойылған мақсаттар мен міндеттер орындалды. Алдағы уақытта кәсіби біліктілікті жетілдіріп, оқу-тәрбие жұмысының сапасын арттыру және заманауи педагогикалық әдістерді тиімді қолдану бағытында жұмысты жалғастырамын.

«Күншуақ» ерте жас тобының тәрбиешісі: *Г.М. Дуйсембина* Дуйсембина Г.М.